

ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАРАГАНДЫ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БОЛІМІНІң «АҚНИЕТ»
БӨБЕКЖАЙЫ КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТЕК ҚАЗЫНАЛЫҚ
КЕСІПОРЫНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «АҚНИЕТ»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҮЙРЫҚ

10.23 №. 01. 04.

Караганды қаласы

ПРИКАЗ

№ 53

город Караганда

«Ақниет» бөбекжайы КМҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережені бекіту туралы

2023 жылға арналған № 4 «Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру жөніндегі жоспарды орындау мақсатында «Ақниет» бөбекжайы КМҚК үшін **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже бекітілсін
2. Әдіскер Даны Хабырасульевна Мереимбаеваға қызметкерлердің назарына кәсіпорынның корпоративтік әдеп кодексін жеткізсін.
3. Кәсіпорынның корпоративтік әдеп кодексі интернет-ресурста орналастырылсын.
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Ю.Н. Афанасьева

«Ақниет» бөбекжайы КМҚК-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже (бұдан әрі - ереже) ««Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-зан) 16-бабының 3 тармағына сәйкес өзірленді.

2. Осы Ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі құрылымдық бөлімшелердің немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындастын адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындаиды.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтаудың қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін өзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Комплаенс-қызмет, «Ақниет» бөбекжайы КМҚК директорының бұйрығымен айқындалады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, «Ақниет» бөбекжайы КМҚК лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде директорға есеп береді және тәуелсіз болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері корсетеді.

2 тарау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектісі мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

9. «Ақниет» бөбекжайы КМКҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) әзірлеуді қамтамасыз етеді:

«Ақниет» бөбекжайы КМКҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың ішкі саясаты;

«Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамага сәйкес «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ мұдделер қақтығысын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты анықтау мен реттеудің ішкі саясаты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспары; фактілер немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ықтимал бұзушылықтар туралы «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметкерлерін хабардар ету тәртібін реттейтін құжат; корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат;

2) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады,

3) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді, Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелді);

4) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметіне сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органның және бөбекжай КМҚҚ бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша өткізіледі;

5) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ -да анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шаралар;

6) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметкерлерінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелері сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыretі шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың занды белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелері құрылымдық болімшелерінің орындалуына мониторинг

жүргізед және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын өзірлейді;

12) мұдделер қактығысын, оның ішінде «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-удерістер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөніндегі шаралар қабылдайды;

13) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөніндегі шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы отініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Бөбекжай құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

19) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметін ұйымдастырудың ішкі үерістерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қызметінің ерекшелігіне қарай іскерлік этика, тұрақты даму, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мұдделер қактығысын тудырмаса" комплаенс мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

11. «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (болған жағдайда) немесе басқа да дербес басқару органының шешімімен, осы органдар болмаған жағдайда «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ басшысын тағайындауды. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің басшысы және оның өкілеттіктерінің мерзімін, сыйақы мөлшері мен еңбекақы төлеу шарттарын айқындауды.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс қызметі Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметіне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің ұсынысы бойынша «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ басшысының шешімімен, құрылым, штаттық (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және қызметкерлердің енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің комплаенс құрамы анықталып, оларды тағайындау жүзеге асырылады.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен міндеттері Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы комплаенс қызметі туралы ереженің

негізінде өзірленетін лауазымдық иұсқаулықтармен немесе қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады. «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ басшысы бекітеді.

15. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ директорына Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің құрылымы мен штат саны туралы, осы органдар болмagan жағдайда – «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ басшысына ұсыныс енгізеді..

16. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттар мен сұрау салулар, сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомстволық бағынысты ұйымдарға сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды

17. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы үәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оку іс-шараларына қатысу арқылы өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

18. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі өз қызметі шеңберінде:

1) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ бөбекжайының құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелерді директорлар кеңесінің, бақылау кеңесінің (болған жағдайда) немесе «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ ның басқа да дербес басқару органының, осы органдар болмagan жағдайда – басшының қарауына енгізуге бастамашылық жасайды.;

3) ықтимал сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлар жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түсken хабарламаларға қызметтік тексеру жүргізеді;

4) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ ның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тексерулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды өзірлейді және оларды сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органға жолдайды;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын өзірлеуге қатысады;

7) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ ның қызметкерлері үшін «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ да сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманың болуы немесе ықтимал бұзылуы фактілері туралы хабарлау үшін ақпараттық арналарды құрады немесе жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізеді.

19. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ және оның филиалдары туралы ақпараттың, егер ол алдағы және (немесе) жасалған сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді қамтымаса, инсайдерлік ақпараттың құпиялығын сақтайды. ;

2) сыбайлар жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдел кодексін және квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлар жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да ішкі құжаттарды бұзу фактілері бойынша жүгінген тұлғалардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (болған жағдайда) немесе басқа да тәуелсіз басқару органына «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ, ал бұл органдар болмаған жағдайда «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ ның басшысына кез келген жағдай, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал ықтималдығына байланысты жағдайлар туралы дереу хабарлайды.

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына әзірленіп жатқан, жасалған немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы белгілі болған жағдайларды жеткізеді;

5) «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ белгіленген жұмыс режиміне кедергі жасамайды;

6) қызметтік және қызметтік этиканы сақтайды.

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері:

1) алдыңғы үш жылда өздері ішінде қатысқан процесстерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға құқылы;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалануға;

4) іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға құқылы;

6) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға міндетті.

22. «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ қажет:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

2) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дереккорларға қолжетімділікті) қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндетті.

23. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сылайылық пен дұрыстыққа негізделген.

24. «Ақниет» бөбекжайы КМҚҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

1) осы Үлгілік ереженің 14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің

міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3 Тарап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат «Ақниет» бөбекжайы КМҚК жіберіледі

26. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Ақниет» бөбекжайы КМҚК басшысына мерзімді есеп береді.

«Ақниет» бөбекжайы КМҚК басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.